

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Жинақтаушы зейнетақы қорларының жылдық қаржылық есеп беру тәртібі, нысандары және ұсыну мерзімдері туралы" 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 174 және "Жинақтаушы зейнетақы қорларының ай сайын қаржылық есеп беру тізбесі, нысандары және ұсыну мерзімдері туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 175 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2009 жылғы 9 шілдедегі N 61 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 11 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5745 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 25 ақпандағы № 11 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.02.25 № 11(колданысқа 2011.07.01 енгізіледі) Қаулысымен.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының қаржылық есептілік нысандарын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Жинақтаушы зейнетақы қорларының жылдық қаржылық есеп беру тәртібі, нысандары және ұсыну мерзімдері туралы" 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 174 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3387 тіркелген; Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4128 тіркелген "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Жинақтаушы зейнетақы қорларының жылдық қаржылық есеп беру тәртібі, нысандары және ұсыну мерзімдері туралы" 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 174 қаулысына және " Жинақтаушы зейнетақы қорларының ай сайын қаржылық есеп беру тізбесі, нысандары және ұсыну мерзімдері туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 175 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2006 жылғы 18 ақпандағы N 9 , Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4702 тіркелген "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына қаржылық есептілік

нысандары бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 30 сәуірдегі N 44 қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен қоса) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-қосымша мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2004 жылғы 15 желтоқсандағы
N 174 қаулысына
1-қосымша
1-нысан

(жинақтаушы зейнетақы қорының толық атауы)

**20 __ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша
бухгалтерлік балансы**

(мың Қазақстан теңгесімен)

| Баптың атауы | Ескертпе | Есепті кезеңнің аяғында | Өткен жылдың аяғында |
|---|----------|-------------------------|----------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Активтер | | | |
| Ақша қаражаты және ақша қаражатының баламалары | | | |
| Тазартылған қымбат металдар | | | |
| Орналастырылған салымдар (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде) | | | |
| Әділ құн бойынша пайда және зиян арқылы есепке алынған бағалы қағаздар | | | |
| Туынды құралдар | | | |
| Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде) | | | |
| "Кері РЕПО" операциясы | | | |
| Дебиторлық берешек (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде) | | | |
| Комиссиялық сыйақылар | | | |
| Қорлар | | | |
| Өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде) | | | |
| Инвестициялық мүлік | | | |
| Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер (шығатын топтар) Материалдық емес активтер (амортизацияны және құнсызданудан болған зияндарды шегергенде) | | | |
| Негізгі құрал-жабдықтар (амортизацияны және құнсызданудан болған зияндарды шегергенде) | | | |
| Кейінге қалдырылған салық талабы | | | |
| Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша бюджетке талаптар | | | |

| | | | |
|--|--|--|--|
| Басқа активтер | | | |
| Активтердің жиынтығы | | | |
| Міндеттемелер | | | |
| Туынды құралдар | | | |
| "РЕПО" операциясы | | | |
| Алынған заемдар | | | |
| Кредиторлық берешек | | | |
| Бағалау міндеттемелері | | | |
| оның ішінде: | | | |
| номиналды кірістіліктің көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы айырманы өтеу бойынша | | | |
| Акциялар бойынша акционерлермен есеп айырысулар бойынша есептелген шығыстар айырысулар бойынша есептелген шығыстар | | | |
| Қызметкерлермен есеп айырысу бойынша есептелген шығыстар | | | |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі | | | |
| Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша бюджет алдындағы міндеттемелер | | | |
| Теріс комиссиялық сыйақы бойынша кредиторлық берешек | | | |
| Басқа міндеттемелер | | | |
| Міндеттемелердің жиынтығы | | | |
| Меншікті капитал | | | |
| Жарғылық капитал | | | |
| оның ішінде: | | | |
| жай акциялар | | | |
| артықшылықты акциялар | | | |
| Сыйлықақылар (қосымша төленген капитал) | | | |
| Алынған капитал | | | |
| Резервтік капитал | | | |
| Басқа резервтер | | | |
| Бөлінбеген пайда (жабылмаған зиян) | | | |
| оның ішінде: | | | |
| өткен жылдардағы | | | |
| есепті кезеңдегі | | | |
| Азшылық үлесі | | | |
| Капиталдың жиынтығы | | | |
| Капитал мен міндеттемелердің жиынтығы | | | |

Бірінші басшы _____ күні _____

Бас бухгалтер _____ күні _____

Орындаушы _____ күні _____

Телефон _____

Мөрдiң орны";

2-қосымшада:

кестеде:

"Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан кірістер (шығындар) (нетто)" деген жолда "(шығындар)" деген сөз "(шығыстар)" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Сауда бағалы қағаздары құнының өзгеруінен кірістер (шығындар) (нетто)" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Әділ құн бойынша пайда және зиян арқылы есепке алынған бағалы қағаздар құнының өзгеруінен кірістер (шығыстар)";

"Кері РЕПО" операциялары бойынша кірістер" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Тазартылған қымбат металдармен операциялардан болған кірістер (шығыстар)";

"Шетел валютасын қайта бағалаудан кірістер (шығындар) (нетто)" деген жолда "(шығындар)" деген сөз "(шығыстар)" деген сөзбен ауыстырылсын;

"кастодиан банктерге сыйақы" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Теріс комиссиялық сыйақыны өтеу";

"Операциялар бойынша ықтимал шығындарға арналған резервтер (резервтерді қалпына келтіру)" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"оның ішінде, номиналды кірістіліктің көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы айырманы өтеуге арналған";

"Тоқтатылған қызметтен пайда (зиян)" деген жол алынып тасталсын;

"Салық салынғаннан кейінгі таза пайда (шығын)" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Тоқтатылған қызметтен болған пайда (зиян)";

3-қосымшада:

кестеде:

"Банктердің шоттарындағы ақша" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы шоттардағы ақша";

"Саудаға арналған бағалы қағаздар" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Әділ құн бойынша пайда және зиян арқылы есепке алынған бағалы қағаздар"

;

"Туынды қаржы құралдары" деген жолдарда "қаржы" деген сөз алынып тасталсын;

"Дебиторлық берешек" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Теріс комиссиялық сыйақы бойынша талаптар";

"Инвестициялық кірістен" деген жол "кірістен" деген сөзден кейін "/зияннан" деген сөзбен толықтырылсын;

4-қосымшада:

кестеде:

"Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан түскен кіріс (шығын) (нетто)" деген жолда "(шығын)" деген сөз "(шығыс)" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Қайта бағалаудан түскен кірістер (шығындар) (нетто) оның ішінде:" деген жолда "(шығындар)" деген сөз "(шығыстар)" деген сөзбен ауыстырылсын;

"сатуға арналған бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеруінен" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"әділ құн бойынша пайда және зиян арқылы есепке алынған бағалы қағаздардың әділ құнын өзгеруінен";

"Зейнетақы активтерін ойдағыдай басқармағаны үшін" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Теріс комиссиялық сыйақыны өтеу";

"Инвестициялық қызметтен болған басқа да кірістер";

"Басқа да кірістер (түсулер)" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Басқа да түсімдер";

"орналастырылған зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кірістен" деген жол "кірістен" деген сөзден кейін "/зияннан" деген сөзбен толықтырылсын;

"Басқа зейнетақы қорларына зейнетақы жинақтарын аудару" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Инвестициялық кірістен болған басқа да шығыстар";

5-қосымшада:

кестеде:

"Операциялық активтер мен міндеттемелер өзгергенге дейінгі операциялық кіріс (шығын)" деген жолда "(шығын)" деген сөз "(шығыс)" деген сөзбен ауыстырылсын;

"сауда бағалы қағаздарының (ұлғаюы) азаюы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"әділ құн бойынша пайда және зиян арқылы есепке алынған бағалы қағаздардың (ұлғаюы) азаюы";

"орналастырылған салымдардың (ұлғаюы) азаюы" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"тазартылған қымбат металдардың (ұлғаюы) азаюы".

2. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2010.11.01 № 88 (2011.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

4. Бухгалтерлік есеп департаменті (Шалғымбаева Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және аумақтық филиалдарына, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігіне және "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

Ұлттық Банк

Төрағасы Г. Марченко

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы нарығын және

қаржы ұйымдарын реттеу мен

қадағалау жөніндегі агенттігі

Төрайым _____ Бахмутова Е.Л.

2009 жыл 22 шілде